

**"Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімдегі үлесті басқару жөніндегі компания" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 3 мамырдағы № 570 Қаулысы

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімдегі үлесті басқару жөніндегі компания жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – серіктестік) құрылсын.

2. Серіктестік қызметінің негізгі мәні Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесіне қатысты өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімдегі (бұдан әрі – ӨБТК) қатысу үлестерін тиімді басқаруды қамтамасыз ету болып айқындалсын.

3. Серіктестіктің жарғылық капиталын қалыптастыру осы қаулының қосымшасында көрсетілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің (бұдан әрі – Комитет) теңгеріміндегі республикалық мүлік есебінен жүзеге асырылсын.

4. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) серіктестіктің жарғысын бекітуді және әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) серіктестіктің жарғылық капиталын ӨБТК-ге, ілеспе құжаттарға, бірлескен қызмет туралы келісімге қатысу үлесінің қосымша салымы түрінде және Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесіне қатысты беру жолымен ұлғайтуды жүзеге асырсын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Комитет осы қаулының 4-тармағында көзделген іс-шаралар аяқталғаннан кейін серіктестіктің жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз мөлшеріндегі қатысу үлесін заңнамада белгіленген тәртіппен "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) акцияларын төлеуге берсін.

6. Комитет Қормен бірлесіп, белгіленген тәртіппен осы қаулының 5-тармағынан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

**"Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімдегі үлесті басқару жөніндегі компания жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталына берілетін республикалық мүліктің тізбесі**

р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	Color II (Apple 12/600) түрлі түсті лазерлік принтер	дана	1
2	HP LJ 5100N лазерлік желілік принтер	дана	4
3	HP LJ 1005M МФУ	дана	2
4	HP Scan Jet 5P сканері	дана	1
5	PANASONIC KX-FT 934 CA факсі	дана	2